



**Пернетақтасы**  
**ZET GAMING**  
**IMMORTALITY TKL**

# Сеніміңіз үшін рахмет!

Біздің командамыз Сіздің компьютер ойындарына деген құштарлығыңызбен толығымен бөліседі, сондықтан Сіздің ойын тәжірибеңіз геймерлерге арналған аксессуарларымызбен неғұрлым ұмытылмас бола түсуі үшін бар күшімізді саламыз.

Жаңа жеңістер мен ең жарқын әсерлер тілейміз!

## Құрылғының мақсаты

Пернетақта — бұл белгілі бір ретпен орналастырылған пернелер жинағынан тұратын енгізу құрылғысы.

## Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: ZG-FL-IM87RedBox-PBT-W.
- RGB-жарықтандыру және БҚ көмегімен толық баптау мүмкіндігі.
- Kailh RED BOX механикалық ауыстырып-қосқыштары.
- Ауыстырып-қосқыштар ресурсы: 80 миллион басуға дейін.
- 14 жарықтандыру режимі + 1 пайдаланушы режимі.
- Double-injection PBT кейкаптары.
- USB-кабель: 1,8 м, орағышта.
- Пернетақта габариттері: 364x144x36 мм.
- Windows 98/NT/ME/2000/XP/VISTA/7/8/10 жүйелерімен үйлесімділігі.

## Пернелердің қысқартылған атауларының толық жазылуы

PS: Print Screen.  
SL: Scroll Lock.  
PB: Pause/Break.  
INS: Insert.  
HM: Home.  
PU: Page Up.  
DEL: Delete.  
PD: Page Down.  
NUM: Num Lock.

## Пернелер тіркесімдері

FN+ESC	Зауыттық баптауларды қалпына келтіру үшін 5 секунд ұстап тұрыңыз
FN+DEL	Жарықтандырудың RGB-режимдерін ауыстырып-қосу
FN+HM	Жарықтандырудың лүпілдеуші режимі
FN+INS	Жарықтандырудың интерактивті режимдерін ауыстырып-қосу
FN+END	Жарықтандырудың пайдаланушы режимі (DIY)
FN+PU	Кезектес түстері бар жарықтандыру
FN+PD	Жарықтандыру ауысуының бағытын өзгерту
FN+BACKSPACE	Жарықтандырудың пайдаланушы режимін редакциялау (DIY)
FN+PS	Кез келген басқа режимнен RGB режиміне оралу
FN+SL	Жарықтандырудың негізгі түсін ауыстырып-қосу
FN+PB	Жарықтандырудың қосалқы түсін ауыстырып-қосу
FN + сол жақ/оң жақ көрсеткі	Жарықтандыру ауысуының жылдамдығын реттеу (баяуырақ/жылдамырақ, сәйкесінше)
FN + төмен/жоғары көрсеткі	Жарықтандыру жарықтылығын реттеу (күңгірттеу/ашықтау, сәйкесінше)
FN + WIN (  )	WINDOWS пернесін бұғаттау/бұғаттан шығару
FN+F1	Windows Media Player іске қосу
FN+F2	Дыбыс қаттылығын азайту
FN+F3	Дыбыс қаттылығын арттыру
FN+F4	Дыбысты өшіру
FN+F5	Ойнатуды тоқтату
FN+F6	Алдыңғы жол
FN+F7	Ойнату/үзіліс
FN+F8	Келесі жол
FN+F9	Пошта
FN+F10	Браузерді іске қосу
FN+F11	Калькулятор
FN+F12	Барлық пернелерді бұғаттау

# Пернелердің таңдамалы жарықтандыру режимі (Design It Yourself)

Сіз өзіңіздің жеке режиміңізді құра аласыз және қандай пернелер жарықтандырылатын өз бетіңізше таңдай аласыз.

1. Пайдаланушы жарықтандыру режиміне өту үшін **FN+END** (DIY) пернелер тіркесімін басыңыз, пернелер жарықтандырылмайтын болады.
2. Редакциялауды бастау үшін **FN+Backspace** (DIY) пернелер тіркесімін басыңыз, жоғарғы оң жақ бұрыштағы жарық индикаторлары жылдам жыпылықтай бастайды.
3. Бұдан әрі Сіз басатын барлық пернелер үнемі жарықтандырылады. Пернені әрбір қайталап басу оның түсін өзгертеді (11 ретімен басудан кейін пернетақтаның жарықтандырылуы сөнеді).
4. Құрастырылған режимді сақтау үшін **FN+Backspace** (DIY) пернелер тіркесімін басыңыз.
5. Кез келген сәтте Сіз құрастырған режимге ауысу үшін **FN+END** (DIY) пернелер тіркесімін басыңыз.
6. Пайдаланушы режимін жою үшін DIY белсенді болғанда **FN+ESC** пернелерін 5 секунд бойына басып тұрыңыз. Пернетақта зауыттық баптауларға оралады және Сіз пайдаланушы режимін қайта баптай аласыз.

## Жарықтандыруды дербестендіру

### Жарықтандырудың интерактивті режимдері

- Осы режимге өту үшін **FN+INS** пернелер тіркесімін басыңыз.
- Құрылғыда интерактивті жарықтандырудың 6 типі бар (жарықтандыру типтерін **FN+INS** көмегімен ауыстырып-қосыңыз).
- Сіз интерактивті жарықтандырудың негізгі түсін (**FN+SL**) және қосалқы түсін (**FN+PB**) өзгерте аласыз.

### RGB-жарықтандыру режимдері

- Осы режимге өту үшін **FN+DEL** пернелер тіркесімін басыңыз.
- Құрылғыда RGB-жарықтандырудың 4 типі бар (жарықтандыру типтерін **FN+DEL** көмегімен ауыстырып-қосыңыз).
- Сіз RGB-жарықтандырудың негізгі түсін (**FN+SL**) және қосалқы түсін (**FN+PB**), сондай-ақ оның бағытын (**FN+PD**) өзгерте аласыз.
- Қосалқы жарықтың бір реңкті түсін RGB-ге өзгерту үшін **FN+PS** пернелер тіркесімін басыңыз.

## Жарықтандырудың лүпілдеуші режимдері

- Осы режимге өту үшін **FN+HM** пернелер тіркесімін басыңыз.
- Құрылғыда лүпілдеуші жарықтандырудың 2 типі бар.
- Біртүсті лүпілдеуші жарықтандыруды белсендіру үшін **FN+PB** пернелер тіркесімін басыңыз (түсті өзгерту үшін **FN+PB** пернелер тіркесімін басыңыз).
- Лүпілдеуші RGB-жарықтандыруға қайта оралу үшін **FN+PS** пернелер тіркесімін басыңыз.

## Тұрақты жарықтандыру режимдері

- Осы режимге өту үшін **FN+PU** пернелер тіркесімін басыңыз.
- Құрылғыда тұрақты жарықтандырудың 2 типі бар.
- Бір реңкті тұрақты жарықтандыруды белсендіру үшін **FN+PB** пернелер тіркесімін басыңыз (түсті өзгерту үшін **FN+PB** пернелер тіркесімін басыңыз).
- Тұрақты RGB-жарықтандыруға қайта оралу үшін **FN+PS** пернелер тіркесімін басыңыз.

## Сақтық шаралары

1. Құрылғы құрылымына ешқандай өзгерістер енгізбеңіз.
2. Қысқа тұйықталуға жол бермеу үшін құрылғының кез келген сұйықтықтармен түйісуіне жол бермеңіз, оның жанына сұйықтық құйылған ашық ыдыстарды қоймаңыз.
3. Құрылғыны электрмагниттік сәулелену әсеріне ұшыратпаңыз.

## Сақтау, тасу (тасымалдау), сату және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да болмасын монтаждауды немесе бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы құрғақ үй-жайда сақталуы және тасымалдануы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты пайдалануды талап етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Осы бұйымның кәдеге жаратылуы қалдықтарды өңдеу бойынша жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Осы өнімнің кәдеге дұрыс жаратылуын қамтамасыз етіп, Сіз қоршаған ортаға және адам денсаулығына қалдықтардың бақыланбайтын шығарылуының нәтижесінде әлеуетті зиян келтірудің алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Осы өнімді қабылдайтын пункттер мен оны кәдеге жарату туралы толығырақ ақпаратты жергілікті

муниципалдық органдарда немесе тұрмыстық қоқысты шығару бойынша кәсіпорында алуға болады.

- Құрылғының ақаулығы анықталғанда авторизацияланған сервистік орталыққа дереу жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату қажет.

## Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** ЭфЭл Эспортс Электроникс Ко., Лтд.

В ғимарат, Ванучжоу өнеркәсіптік аймағы, Шилун, Дунгуань қ., Гуандун пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

**Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:**

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016

«Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Тауардың өндірілген күні, сонымен қатар кепілдік пен пайдалану мерзімдері қаптамада көрсетілген.

Бұйымның сыртқы көрінісі және оның сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгерістерге ұшыратылуы мүмкін. Бұйымның нақты интерфейсі осы нұсқаулықта ұсынылғаннан өзгеше болуы мүмкін.



V.1